

«Технодомның 23 жасқа толған туған күні!» акциясының шарттары.
«Технодом» дүкендер желісінің бөлшек сауда дүкендерінде
Қазақстан Республикасының аумағында және www.technodom.kz интернет-дүкенінде
өткізу ережелері
(бұдан әрі – Акция ережелері)

- 1. Акцияны ұйымдастырушы:** «Technodom Operator» АҚ (Технодом Оператор) (бұдан әрі – Компания).
- 2. «Технодомның 23 жасқа толған туған күні!» акциясының өткізу орны:** «Technodom» сауда желісінің барлық бөлшек сауда дүкендері, www.technodom.kz интернет-дүкені, «Technodom» қосымшасы, Қазақстан Республикасы аумағында.
- 3. Акцияға қатысушылар:** Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, әрекетке қабілетті жеке тұлғалар, «Technodom» мобильді қосымшасында тіркелген және Акцияның өткізу орны мен мерзімінде Акция шарттарына сәйкес бір немесе одан да көп Тауар бірлігін сатып алған тұлғалар (бұдан әрі – Акция қатысушысы).
- 4. Келесі тұлғалар Акцияға қатыспайды:**
 - 4.1. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер;
 - 4.2. Көтерме сатып алушылар. Егер бір Клиент Акция мерзімінде бір санаттағы тауарды 3 рет және одан көп сатып алса, онда 3-ші және кейінгі алған тауарлар көтерме сатып алған болып есептеледі;
 - 4.3. Дүкен директоры/категориялық менеджер/бөлім тарапынан жеңілдікпен сатып алғандар;
 - 4.4. Ұйымдастырушының қызметкерлері мен өкілдері (сондай-ақ олардың жақын туыстары: жұбайы, баласы, бауыры, әпкесі, әкесі, анасы), сондай-ақ Акцияны өткізуге тартылған үшінші тұлғалар;
 - 4.5. Бонустармен, сыйлық карталарымен, сертификаттармен төленген тауарлар да бұл Акцияға қатыспайды.
- 5. Акция мерзімі:** 13.09.2025 ж. бастап 05.10.2025 ж. қоса алғанда. Акцияны Ұйымдастырушының шешімімен ұзарту немесе мерзімінен бұрын тоқтату мүмкін.
- 6. Жұлделерді ұтыс ойыны:** 23 қазанда «Technodom» компаниясының Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында тікелей эфирде өтеді, аккаунты: @technodomkz
- 7. Акция шарттары:**
 - 7.1. Жұлделерді ұтыс ойынына қатысу үшін «Technodom» мобильді қосымшасында тіркелген Сатып алушы Акция мерзімінде Акция өткізу орнында бір чекте 50 000 теңгеден жоғары сомаға зат сатып алуы қажет. Бұл шарт орындалған жағдайда Сатып алушы автоматты түрде Акция қатысушысы болады.
 - 7.2. Жұлделерді ұтыс ойынына қатысу механикасы:**
 - 7.2.1. Қатысушы Акция мерзімінде және өткізу орнында бір чекте 50 000 (елу мың) теңгеден жоғары сомаға тауар сатып алады;
 - 7.2.2. Тауар қайтарылған чектер ұтыс ойынына қатыспайды;
 - 7.2.3. Ұйымдастырушы жұлделерді ұтыс ойынын тікелей эфир форматында өткізеді, ол 23 қазанда «Technodom» компаниясының Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында өтеді (аккаунт: @technodomkz). Эфир уақыты алдын ала Instagram ресми парақшасында, сондай-ақ technodom.kz сайтында және/немесе Акция қатысушыларына жіберілетін хабарламаларда жарияланады.
- 8. Жұлде қоры ұтысын өткізу тәртібі, оның ішінде Акция жеңімпаздарын анықтау тәртібі және хабарлау тәсілі.**

Жұлде қоры Акцияларды Ұйымдастырушы осы бұйрыққа № 1 қосымшада айқындайды.

 - 8.1.** Жұлделердің жеңімпаздары 23 қазанда Акция кезеңінің соңында анықталады.
 - 8.2.** Ұтыс ойыны тікелей эфирде кездейсоқ тандау арқылы жүргізіледі. Нәтижесі www.technodom.kz сайтында және/немесе Технодом мобильді қосымшасында жарияланады.
 - 8.3.** Акция қатысушыларына ұтыс ойыны туралы, оның мәртебесі/уақыты туралы ақпарат SMS-хабарлама және Technodom мобильді қосымшасындағы push-хабарлама арқылы жіберіледі.
 - 8.4.** Ұйымдастырушы тікелей эфир кезінде жеңімпазға қоңырау шалуға құқылы. Эфир кезінде телефон қосулы болуы және Қатысушы қоңырауға жауап беруі маңызды. Егер Қатысушы қоңырауға жауап бермесе, Ұйымдастырушы жұлдені қайта ойнатуға құқылы.

- 8.5.** Барлық Жүлделердің иелерін анықтағаннан кейін Ұйымдастырушы Жеңімпаздарды тіркеу кезінде көрсетілген ұялы байланыс операторының абоненттік нөміріне телефон қоңырауы/SMS хабарламасы арқылы хабарлайды. Егер Акцияды Ұйымдастырушы жеңімпаз анықталған сәттен бастап 48 (қырық сегіз) сағат ішінде жеңімпазбен байланыса алмаса, аталған тұлға тиісті Жүлдені алу құқығынан айырылады, ал Акцияды Ұйымдастырушы мұндай Жүлдеге өз қалауы бойынша билік етуге құқылы.
- 8.6.** Акцияның бір Қатысушы Акцияның барлық мерзімі ішінде 1 (бір) жүлдеден артық ұтып ала алмайды.
- 9. Акция жеңімпаздарына Жүлделерді беру тәртібі мен мерзімі.**
- 9.1.** Акцияның жеңімпазы нәтижелер жарияланғаннан кейін 2 (екі) ай ішінде Жүлдені алуға міндетті.
- 9.2.** Жүлдені алу кезінде жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсетуі қажет. Өйтпесе, Жүлде берілмейді.
- 9.3.** Ұйымдастырушы жеңімпаздың Жүлдемен бірге фото және видео түсіруге құқығы бар.
- 10. Тауарды қайтару шарттары:**
- 10.1.** Осы Акция шеңберінде кепілдендірілген қызмет көрсету, ақауы бар тауарларды айырбастау және қайтару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.
- 10.2.** Егер Сатып алушы Акция бойынша сатып алған Өнімді қолданыстағы заңнамада көзделген негіздер бойынша қайтарса немесе айырбастаса, Сатып алушыға ол төлеген сома ғана қайтарылады.
- 11. Жеке деректер:**
- 11.1. Акция қатысушысы өз атынан, ерікті түрде және дербес әрекет етеді.
- 11.2. Акция қатысушысы Акцияға қатысқанда болуы мүмкін барлық тәуекел мен салдарға жауапты.
- 11.3. Акцияға қатыса отырып, әрбір Қатысушы осы Акция ережелерімен таныс екенін және олармен толық келісетінін растайды, сондай-ақ оларды сақтауға міндеттенеді.
- 11.4. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы Ұйымдастырушының тауарлары туралы ақпарат алуға келісім береді. Ұйымдастырушы Қатысушыға алдын ала келісімсіз жеке хабарлама арқылы кез келген ақпаратты жіберуге құқылы.
- 11.5. Акцияға қатысу факті Акцияны өткізу барысында белгілі болған жеке деректерді Ұйымдастырушы және/немесе Акцияны өткізуге тартылған үшінші тұлғалар жарнамалық мақсатта өтеусіз және мерзімсіз пайдалануға Қатысушының келісімі болып табылады.
- 12. Басқа шарттар:**
- 12.1.** Акцияны ұйымдастырушы осы Ережелерге кез келген өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізуге, соның ішінде Акция мерзімін, Тауар тізімін, Тауарды сатып алу шарттарын және ұтыс/квестке қатысу ережелері мен шарттарын өзгертуге құқылы.
- 12.2.** Акция ережелері, сондай-ақ оларға енгізілген өзгерістер www.technodom.kz сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

«Технодомның туған күні, 23 жасқа толды!» Акциясының Жүлде қорына қатысатын тауарлар тізімі:

	Сыйлық атауы	Вебкод
1	Midea MDRF-692MIE28 тоңазытқышы	272 152
2	Philips FC-9570/01 шаңсорғышы	265 183
3	Filigran Rondell RDS-1833 7 адамдық ыдыс-аяқ жинағы	282 223
4	Rondell RDA-114 вок табасы	428
5	Vitek VT-8327 үтігі	282 147
6	Vitek VT-8249 шаш кептіргіш-тарағы	273 636
7	Philips BHD-510/00 шаш кептіргіші	252 260
8	Philips BHS-378/00 шаш түзеткіші	229 738
9	AVA CFR-300W мұздатқышы	276 422
10	Neo 65” U651YAEL VA UHD 4K Smart Black теледидары	282 599
11	Neo 75” U751YAEL VA UHD 4K Smart Black теледидары	287 852
12	HONOR X9c 8+256 титан күлгін смартфоны	286 251
13	HONOR 200 8+256 Black смартфоны	281 503
14	HONOR 200 8+256 Moonlight White смартфоны	281 504
15	Epson L-1250 A4 сия бүріккіш принтері	269 937
16	Epson L-3266 СНПЧ A4-W сия бүріккіш КФҚ-сы	267 948
17	Logitech G432 ойынға арналған гарнитурасы	244 238
18	Logitech G513 Carbon RGB, GX Red ойынға арналған USB сымды пернетақтасы	247 355
19	Logitech G Pro 2 ойынға арналған сымсыз тінтуірі	285 269
20	Яндекс Станция Мини 3 Про YNDX-00059, Көк ақылды үндеткіші	292 205
21	Canyon Irida RGB, Black ойынға арналған компьютер орындығы	289 795
22	AVA ELMC-2100DG грилі	281 439
23	AVA ELM-1000NG электр кәуап пісіргіші	281 440